

Ордабасы ауданының шалғайдағы елді мекендерінде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың схемасы мен қағидасын бекіту туралы

Күші жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Ордабасы ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 27 шілдедегі № 328 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 12 тамызда № 3312 болып тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Ордабасы ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 10 желтоқсандағы № 582 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Ордабасы ауданы әкімдігінің 10.12.2015 № 582 қаулысымен.

«Автомобиль көлігі туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 шілдедегі Заңының 14 бабының 3 тармағының 3-1) тармақшасына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 бабының 2 тармағына сәйкес, Ордабасы ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ордабасы ауданының шалғайдағы елді мекендерінде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың схемасы мен қағидасын осы қаулының 1, 2–қосымшаларына сәйкес бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Ә. Сәдірмекке жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі *С.Сапарбаев*
Ордабасы ауданы әкімдігінің
2015 жылғы 27 шілдесіндегі
№ 328 қаулысына 1–қосымша

Ордабасы ауданының шалғайдағы елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың схемасы

Шалғайдағы елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдауды (әрі қарай тасымалдау) ұйымдастыру туралы аудан әкімдігімен қаулы қабылдау.



Аудан әкімдігімен қауіпсіз тасымалдауды ұйымдастыру жөніндегі іс-шараларын бекіту (ішкі істер органдарымен бірлескен іс-шаралар жоспары, балалармен, ата-аналармен, мұғалімдермен өткізілген нұсқаулықтар, тасымалдаушы және көлік туралы мәліметтер, балалардың тізімі, тасымалдауға бюджеттен бөлінген қаржы туралы мәліметтер).



Аудан әкімдігімен заңнамада белгіленген тәртіппен тасымалдауға жауапты органды белгілеу.



Заңнамада белгіленген тәртіппен жауапты органмен балалардың міну орындарынан және жалпы білім беретін мектептерге түсуін тасымалдауын жүзеге асыру.

Ордабасы ауданы әкімдігінің
2015 жылғы 27 шілдесіндегі
№ 328 қаулысына 2–қосымша

Ордабасы ауданының шалғай елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың қағидасы

1. Жалпы ережелер

1. Ордабасы ауданының шалғай елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың осы тәртібі (бұдан әрі – Тәртіп) Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31–бабының 2–тармағына, Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 шілдедегі «Автомобиль көлігі туралы» Заңының 14–бабының 3 тармағының 3-1) тармақшасына сәйкес әзірленген.

2. Тасымалдаушыға және автокөлік құралдарына тасымалдау кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету бөлігінде қойылатын талаптар

2. Балаларды тасымалдау арнайы автобустармен жүргізіледі.

3. Балаларды тасымалдау мынандай жағдайда ұйымдастырылады егер: автомобиль жолдарының өткізу қабілеті автобустардың тұрақты қозғалысын жүзеге асыруға мүмкіндік берсе; автомобиль жолдарының жай-күйі және олардың жайластырылуы жол жүрісі қауіпсіздігінің талаптарына сәйкес болған жағдайда.

4. Балаларды тасымалдауға мынандай тасымалдаушылар жіберіледі:

1) автомобиль көлігі туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес біліктілігі және кәсіби жарамдылығын растайтын құжаты болғанда;

2) тасымал қауіпсіздігін қамтамасыз етуге құқықтық нормативтік актілер талаптарына сай келетін және тиісті тасымалдау түріне жарамды көлік құралдары бар.

5. Балаларды тасымалдау үшін мынадай жүргізушілерге рұқсат етіледі:

1) жасы жиырма бес жастан кем емес, тиісті санаттағы жүргізуші куәлігі және жүргізушінің бес жылдан кем емес жұмыс өтілі бар;

2) автобустың жүргізушісі ретіндегі кемінде соңғы үш жыл үздіксіз жұмыс өтілі бар;

3) соңғы жылдары еңбек тәртібін және «Жол жүрісі қағидаларын, Көлік құралдарын пайдалануға рұқсат беру жөніндегі негізгі ережелерді, көлігі арнайы жарық және дыбыс сигналдарымен жабдықталуға және арнайы түсті-графикалық схемалар бойынша боялуға тиіс жедел және арнайы қызметтер тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 13 қарашадағы № 1196 қаулысымен бекітілген жол қозғалысының ережесін өрескел бұзбаған.

6. Автобустарда жүк бөлімінен тыс жерлерде, жүк тасымалдауға жол берілмейді.

7. Автокөлік құралдарын пайдалану тасымалдаушының міндетті азаматтық-құқықтық сақтандыру шарттарындағы жауапкершілікті орындаған жағдайда жүргізіледі. Сондай-ақ міндетті сақтандыруға тасымалдаушының жолаушылар алдында жол жүру және жүк тасуға арналған автокөлікті пайдалану барысында, олардың өміріне, денсаулығына, мүліктеріне залал келтірмеу жөніндегі азаматтық-құқықтық жауапкершілігі жатады.

8. Балаларды тасымалдау осы тәртіптің талаптарына сәйкес жабдықталған автобустармен, шағын автобустармен және әрбір балаға отыратын жеке орын беріле отырып жүзеге асырылады.

9. Балаларды жаппай тасымалдауды және балаларды алыс қашықтықтарға тасымалдауды тасымалдаушы, балаларды оқытушылар немесе арнайы тағайындалған ересек адамдар (15 балаға бір ересек адам) алып барған жағдайда ғана орындауы мүмкін.

10. Балалардың ұйымдастырылған топтарын тасымалдауды қамтамасыз ететін тасымалдаушы жүргізушілердің еңбек және демалысын ұйымдастыру қағидасының талаптарына сәйкес, сондай-ақ тахографтарды және мынадай жағдайларды ескере отырып:

маршруттар бойынша ұзақтығы 12 сағатқа дейін бір жүргізушімен, 12 сағаттан жоғары екі жүргізушімен;

маршруттар бойынша ұзақтығы 16 сағаттан артық жүргізушілердің және жолаушылардың кем дегенде 8 сағат толыққанды демалу үшін (қонақ үйлерде,

кемпингілерде) жағдайларды қамтамасыз етуді ескере отырып, жүргізушілердің
ж ұ м ы с ы н ұ й ы м д а с т ы р а д ы .

11. Автомобиль көлігімен балаларды тасымалдау (экскурсиялық және туристіктен басқа) жолда 4 сағаттан артық болған кезінде және басқа көліктермен балаларды жеткізуді ұйымдастыру мүмкін болмаған жағдайда ғана
ж ү з е г е а с ы р ы л а д ы .

12. Тапсырыс берушінің талабы бойынша қала маңындағы аймаққа немесе қалааралық қатынаста балалардың бір жолғы тасымалдауын жүзеге асыратын тасымалдаушы техникалық жай-күйін кезектен тыс тексеру үшін жол полициясы бөлімшелеріне автобусты жол жүру қарсаңында көрсетеді.

3. Автокөлік құралдарына қойылатын талаптар

13. Балаларды тасымалдауға Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарына сәйкес техникалық тексеруден өткен автокөлік құралдары жіберіледі. Бұл ретте автобустардың конструкциясы мен техникалық жағдайы тиісті стандарттардың талаптарына сай болуы қажет.

Балаларды тасымалдауға арналған автобустардың кемінде екі есіктерінің
б о л у ы ж ә н е м ы н а л а р м е н :

1) автобустың алдында және артында орнатылуы тиіс, жазу шрифтінің биіктігі кемінде 120 миллиметр қара түспен ресімделетін және тік төртбұрышты қоршамаға салынатын «Балаларды тасымалдау» деген төрт бұрыш айыратын
б е л г і м е н ;

2) сары түсті жылтыр шағын маяғымен;

3) әрқайсысының сыйымдылығы кемінде екі литр болатын оңай алынатын өрт сөндіргіштермен (біреуі - жүргізушінің кабинасында, басқасы – автобустың
ж о л а у ш ы л а р с а л о н ы н д а) ;

4) екі алғашқы көмек дәрі қобдишаларымен (автомобильді);

5) екі жылжуға қарсы тіректермен;

6) авариялық тоқтау белгісімен;

7) колоннада жол жүргенде – автобустың алдыңғы терезесінде қозғалыс бағытымен оң жағында орнатылатын, автобустың колоннадағы орны көрсетілген
а қ п а р а т т ы қ к е с т е м е н ;

8) санитариялық – эпидемиологиялық қорытындысы болуы тиіс.

14. Балаларды тасымалдауға пайдаланатын автобустарда, шағын автобустарда
м ы н а л а р б о л у ы т и і с :

ешқандай кедергісіз ашылып, жабылатын жолаушылар салонының есіктері мен авариялық люктер. Есіктерде өткір немесе олардың бетінен алыс тұрған
ш ы ғ ы ң қ ы ж е р л е р б о л м а у ы т и і с ;

жабық жай-күйде жүргізушінің кабинасы мен жолаушы салонына жауын-шашынның түсуін толық болдырмайтын төбе, авариялық люктер және терезелер;

берік бекітілген тұтқалар және отырғыштар; жолаушыларға арналған креслолардың отырғыштары мен арқалықтарының таза және жыртқысыз тыстары; тегіс, шығыңқы жерлері немесе бекітілмеген бөлшектері жоқ баспалдақтары мен салонның едені.

Салон еденінің жамылғысы жыртқысыз материалдан жасалуы тиіс; шаңнан, кірден, бояудан және олар арқылы көруді төмендететін өзге де заттардан тазартылған терезелердің мөлдір шынылары. Терезе ойығын ақпараттық немесе жарнамалық материалдармен 30 %-дан артық жабуға тыйым салынады; жылдың суық мезгілінде жылытылатын және ыстық мезгілінде желдетілетін, құрал-сайман және қосалқы бөлшектер тиелмеген жолаушылар салоны.

15. Жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты тасымалдау кезінде пайдаланылатын автобустар мен шағын автобустардың салондарын ылғалды жинау ауысымда кемінде бір рет және ластану шамасы бойынша жүргізіледі.

16. Сыртқы кузовты жуу ауысымнан кейін өткізіледі.

4. Балаларды тасымалдау тәртібі

17. Балаларды тасымалдау техникалық жағдайы автомобиль көлігімен жолаушылар мен багажды тасымалдау қағидасының талаптарына жауап беретін, кемінде екі есігі бар автобустармен жүзеге асырылады.

18. Оқу орындарына тасымалдауды ұйымдастыру кезінде тасымалдаушы жергілікті атқарушы органдармен және оқу орындарының әкімшілігімен бірлесіп маршруттарды және балаларды отырғызудың және түсірудің ұтымды орындарын белгілейді.

19. Автобусты күтіп тұрған балаларға арналған алаңшалар, олардың жүріс бөлігіне шығуын болдырмайтындай жеткілікті үлкен болуы тиіс.

Алаңдарда жайластырылған өту жолдары болуы және жолаушыларды және багажды автомобильмен тұрақты тасымалдау маршруттарының аялдама пункттерінен бөлек орналасуы тиіс.

20. Балаларды оқу орындарына тасымалдауға тапсырыс беруші балаларды отырғызу және түсіру орындарының жай-күйін тұрақты түрде (айына кемінде бір рет) тексереді.

21. Егер балаларды тасымалдау тәуліктің қараңғы мезгілінде жүзеге асырылса, онда алаңшалардың жасанды жарығы болуы тиіс.

22. Күзгі-қысқы кезеңде алаңдар қардан, мұздан, кірден тазартылуы тиіс.

23. Балалардың топтарын 22.00-ден бастап 06.00 сағатқа дейін автобустармен тасымалдау, сондай-ақ көрінім жеткіліксіз жағдайда (тұман, қар жауған, жаңбыр және басқалар) тыйым салынады. Тәуліктің 22.00 сағатынан бастап 06.00 сағатына дейін теміржол вокзалдарына және әуежайларға және олардан, сондай-ақ жақын арадағы демалыс орнына (қонатын жерге) дейін жолда кідіріп қалған кезде балаларды тасымалдауға рұқсат етіледі.

Тасымалдау қауіпсіздігіне қатер төндіретін жол және метеорологиялық жағдайлардың қолайсыз өзгеруі кезінде, автобустардың қозғалысын уақытша тоқтату туралы қолданыстағы нормативтік құжаттарда көзделген жағдайда тасымалдаушы рейсті алып тастауға және бұл туралы тапсырыс берушіге дереу х а б а р л а у ғ а т и і с .

24. Автобустардың қозғалыс кестесін тасымалдаушы мен тапсырыс беруші к е л і с е д і .

Жол жағдайларының қолайсыз өзгеруі кезінде, басқа жағдайлар кезінде (қозғалысқа шек қою, уақытша кедергілердің көрінуі, бұл жағдайда жүргізуші кестеге сәйкес жылдамдықты жоғарылатпай жүре алмайды), кесте жылдамдықты төмендету жағына (қозғалыс уақыттарының артуына) түзетілген болуы тиіс. Кестенің өзгеруі туралы тасымалдаушы тапсырыс берушіге хабарлауы тиіс, ол балаларды дер кезінде хабарландыру бойынша шаралар қабылдайды.

25. Балаларды жаппай тасымалдауға және алыс жерлерге балаларды тасымалдауға дайындық кезінде тасымалдаушы тапсырыс берушімен бірлесіп балалардың жиналу пунктінде және келу пунктінде автобустардың аялдауы үшін алаңшалардың болуын, отырғызу алаңшаларының болуын тексереді.

Отырғызу және түсіру орындары автобус тұрағынан кемінде 30 метр қ а ш ы қ т ы қ т а о р н а л а с у ы т и і с .

26. Тапсырыс беруші балаларды тасымалдайтын әрбір автобусқа балалармен оларды жеткізу орнына дейін алып жүретін, тапсырыс беруші-ұйым қызметкерлерінің немесе ата-аналарының ішінен жауаптыларды белгілейді (мектепке, өзге білім беру ұйымдарына балаларды тұрақты тасымалдауды жүзеге асырған кезде жауапты ретінде еріп жүрушілер үшін арнайы нұсқама алған жоғары сынып оқушыларын (16 жастан жоғары) белгілеуге жол беріледі).

27. Балаларды тасымалдау кезінде автобустың жүргізушісіне мыналарға т ы ы м с а л ы н а д ы :

- 1) сағатына 60 километр артық жылдамдықпен жүруге;
- 2) жүру маршрутын өзгертуге;
- 3) балалар бар автобус салонында қол жүгі мен балалардың жеке заттарынан басқа кез келген жүкті, багажды немесе мүкәммалды тасымалдауға;
- 4) автобуста балалар болған кезінде, соның ішінде балаларды отырғызу және түсіру кезінде автобус салонынан шығуға;

- 5) автомобиль легінде жүру кезінде алда жүрген автобусты басып озуға;
- 6) автобуспен артқа қарай қозғалысты жүзеге асыруға;
- 7) егер ол көлік құралының өздігінен қозғалуын немесе оны жүргізуші жоқ болғанда пайдалануын болдырмау шараларын қолданбаса, өз орнын тастап кетуге немесе көлік құралын қалдыруға.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК